



Кафедра : Балалар жасындағы стоматология

СӨЖ

Тақырыбы : Балалардағы бет жақ аймағындағы туа пайда болатын ауытқулардың алдын алудағы медико-генетикалық кеңес.

Орындаған : Курахимова Ж.М.

Факультет : стоматология

Курс : 5

Топ : 08-504-01

Қабылдаған : проф. Шалабаева К. З.

Жоспар.

- Кіріспе.
- Негізгі бөлім.
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе.


- Бет – жақ аймағының туа пайда болған ақауларының 25-30% тұқым қуалау арқылы беріледі. Бет – жақ аймағының туа пайдаболған ақауларының ішінді жоғарғы ерін мен таңдай жырығы үлкен орын алады. Сол себепті дүниеге дені сау баланың келуі үшін және туа пайда болған ақаулармен туылып, өмір бойына мүгедек болып қалмас үшін , қауіп – қатер факторларының пайыздық мөлшерін көбейтпеу мақсатымен қарқынды түрде жаппай алдын алу шараларына жүгінүміз керек.



- Алдын алу шарасы – бұл мемлекеттік, қоғамдық, гигиеналық, медициналық т.б. іс шараларды біріктіретін және жоғарғы дәрежедегі денсаулықты қамтамасыз ететін, көптеген патологиялық үрдістердің, соның ішінде туа пайда болатын ақаулардың алдын алу қамқорлығы болып табылады.
- Жалпы алдын алу шаралары – бұл бірінші алдын алу шарасы, социальды және медициналық және т.б. шаралардан, ақауды мүлдем тоқтату, ақаулардың дамуының себебін жою, сонымен қатар анасы мен әкесінің қоршаған ортаның әсеріне тұрақтылығын жоғарлатуға бағытталған. Салауатты өмір салтын ұстану мен иммунды жүйенің күшеюіне, т.б. Шаралармен қатар жанұяны алдын ала жоспарлау да осы бөлімнен басталады.
- Алдын алу шараларының индивидуальді түріне медико – генетикалық кеңес пен жүктіліктің пренатальді диагностикасы жатады. Тұқым қуалау ауруларының алдын алу шарасының ең маңыздысы медико – генетикалық болып табылады, қарап тексеруге міндетті түрде болашақ ата - анасымен және тағы басқа туыстарын тексеруден өткізуі керек. МГК отбасын құру жоспарын рұқсат етумен, және балалардағы тұқым қуалайтын патологияның болжамын нақты айта алады деуге болады немесе ескертеді. Отбасын құру алдында оптимальді түрдегі шешімдердің бірі медико генетиктің кеңесінде болу.

Ондай мүкіндік болмаған жағдайда МГК міндетті түрдегі топтамасына тоқталсақ:

- 1) дені сау ата анада, туа біткен ақаумен баланың дүниеге келуі;
- 2) отбасында ата насының біреуінде туа біткен ақаудың болуы;
- 3) дені сау ата – анада туыстарының(атасының, әжесінің, ағасының, апкесінің туа біткен ақаудың болуы,
- Тұқым қуалайтын аурулары немесе тұқым қуалауға бейімділік бар болған жағдайда жүкті болудан кем дегенде 3 ай бұрын ерте келіп, медико-генетикалық кеңестен өтіп, әр түрлі тағайындалған сарап-тамалардан өтіп алдын ала болашақ жанұяны жоспарлау міндетті түрде қажет.



- Мына жағдайларда медико – генетикалық сараптамадан өту міндетті болып табылады:



- Жұбайлардың екеуінің біреуінде тұқым қуалайтын аурулары болса;
- Жұбайлардың екеуінің біреуінде тұқым қуалауға бейімділік болса;
- Жұбайлардың туыстарында тұқым қуалайтын аурулары немесе тұқым қуалауға бейімділік болса;
- Жақын туыстардың бір біріне үйлену жағдайларында;
- Жасы 18-ден төмен немесе жасы 40-тан асқан әйелдер;
- Экологиясы нашар аймақ тұрғындары;

- Медико – генетикалық кеңестің негізгі мақсаты ақаумен туылу мүмкіндігін төмендету болып табылады. Яғни ақауды жүктілікке дейін және жүктілік кезінде де анықталады. Жүктілікке дейінгі МГК ата – аналарды алдын ала ескертуге мүмкіншілік береді. Оларға ақаудың қаншалықты пайыздық қатынаста болатынын анықтап береді. Сараптама нәтижесіне байланысты оларға не істеу керектігіне кеңес беріледі. Егерде қауіп –қатер факторының бар екенін біле тұра жүкті болуды шешетін болған жағдайда болашақ ата аналарды басқа мамандардың кеңесіне жіберіледі (педиатр, бет жақ аймағының балалар хирургы т.б.)

- Пренатальді алдын ала емдеу эффективті болған сайын кен түрде қолданады. Туа пайда болған патологияны алдын ала емдеу, медициналық генетиканың акушердің және педиатрияның маңызды міндетті. Отбасы жүктілік қолайсыз жағдайда болғанда, генетикалық кеңестің негізгі бөлігі ерте УДЗ диагностика жасауға назар аударады. Медициналық алдын ала емдеу жоғарғы дәрежеде проспективті кеңеске сәйкес келеді. Отбасында ұрықтануға дейін жүктілікті жоспарлы түрде кеңес жүргізу, генетик дәрігер тұқым қуалаушылық, туа пайда болған ауруларды алдын ала емдеу жұмыстарын жүргізеді.

Қорытынды.

- Әрбір адамның өмірінде тістердің, жақ сүйектерінің, бет әлпетінің пішіні үлкен роль атқарады. Олар адамның денсаулығына, қоғамда қалыпта-суына әсер етеді. Егер бет жақ аймағында ауытқулар мен дефектілер орын алса, онда ол адамның тағамның дұрыс шайнай алмауына, сөйлеу, жұту, тыныс алу функцияларына, психикасына әсер етіп, денсаулығына көп зиян келтіреді. Сол себепті әр бір жанұя құратын адам алдын ала бәрін ойластырып, болашақ ұрпақтың дені сау болуына үлкен жауапкер-шілікпен қарауы тиіс.



Қолданылған әдебиеттер тізімі.

- www.pravmir.ru/deti-s-rasshelinami-guby-i-nyoba-i-ix-polozhenie
- www.medicus.ru/.../mediko-geneticheskoe-konsultirovanie-semej
- www.mqtnsk.narod.ru/konsultatsii_i_issledovaniya/
- www.genetiktest.ru/